

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 1 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.09.2024ж	Сейсенбі 01.10.2024ж	Сәрсенбі 02.10.2024ж	Бейсенбі 03.10.2024ж	Жұма 04.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Күй қосу,күй күмбірі	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Күй қосу,күй күмбірі	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерістер байқаны туралы жеке жеке сұрау ,коммуникативтік дағды	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерістер байқаны туралы жеке жеке сұрау коммуникативтік дағды	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. Күй қосу,күй күмбірі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы

	туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу. Ата-анамен консультация	Ата-анамен консультация	қалай қалыптасып жатқанын сұрау Ата-анамен консультация	өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу. Ата-анамен консультация	әңгімелесу Ата-анамен консультация
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар жайлы үйрету Қауіпсіздік әрекеті	Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету. Біртұтас тәрбие	Дидактикалық ойын: Дәл сондай пішінді тап. Танымдық дағдылар	Үстел үсті ойыны – пазл: табиғат суретін құрастыру, ерекшеліктерін атау Құрастыру әрекеті Экологиялық тәрбие	Табиғаттағы қауіпсіздік жайлы видеоролик көресту, түсіндіру. Экологиялық тәрбие
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындау				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. сөйлеуді дамыту	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға үйрету Көркем әдебиет	Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Математика негіздері	Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. сөйлеуді дамыту	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және

					сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту. Математика негіздері
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.</p>	<p>Музыка</p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату.</p>	<p>Музыка</p> <p>Балаларды мәнгерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-сипа бірінші октава шегінде).</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бұғу.</p>
	<p>Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып</p>	<p>Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен</p>	<p>«Күз туралы ертегі»айтып. Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>	<p>Күздегі құстар мен жануарлардың тіршілігімен таныстыру. Бақша ауласына құстарды бақылау, олар жайлы. Өздері не білетін айтқызу.</p>	<p>Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру.</p>

	<p>келуді жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен бірге жанырақтарды бояу(сурет салу) Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. (жапсыру)</p>	<p>көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату (сөйлеуді дамыту) Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету (сурет салу, мүсіндеу)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту) «Күз» тақпағын жаттату) (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. (көркем әдебиет) Күзгі жаңбыр суретін салуға ынтасын дайындау. Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету(сурет салу, мүсіндеу)</p>	<p>Құстарға жем, су беру. (қоршаған ортамен таныстыру) Құстардың суретін пішіндерден құрап жапсыру (жапсыру) Құрастыру материалдарынан өкстарға үйшік жасау. (құрастыру)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту) Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету (мүсіндеу) Кітапқа қамқорлық таныту (бір тұтас тәрбие)</p>
Серуенге дайындық	<p>Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)</p>				
Серуен	<p>Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру.</p>	<p>Күзгі желді бақылау Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары, желді</p>	<p>Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді</p>	<p>Күзгі жәндіктерді бақылау Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде</p>	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.</p>

	<p>Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.</p> <p>Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қарандаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?</p> <p>Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула</p>	<p>ң соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың желден сыбырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың</p>	<p>ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру .</p> <p>Бақылау Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.</p> <p>Тақпақ: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі</p>	<p>бақылауды қалыптастыру.</p> <p>Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу.</p> <p>Көркем сөз: «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемісің керемет</p>	<p>Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.</p> <p>Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев</p> <p>Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».</p> <p>Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>тазалаушының құралымен танып, білу.</p> <p>Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»</p> <p>Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.</p> <p>Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау.</p>	<p>қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен.</p> <p>Көркем сөз: - Бұлт-ау көктен төнесің, Қайдан көшіп келесің, - Мухит үрлесе, желемін! Жел үрлесе желемін!</p> <p>Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар».</p> <p>Мақсаты : әр – түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру.</p> <p>Алаңдағы еңбек .</p>	<p>Бойын сылап сүйеді</p> <p>Күнде гүлін ашады</p> <p>Жұпарын маған шашады</p> <p>Ө.Тұрманжанов</p> <p>Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар».</p> <p>Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшандыққа үйрету,</p> <p>Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.</p>	<p>Гүлге келіп қона ғой</p> <p>Өзің де гүл бола ғой.</p> <p>Қозғалмалы ойын: «Инеліктің әні»</p> <p>Мақсаты: сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру.</p> <p>Еңбек алаңында жұмыс істеу: ағаштардан кепкен бұтақтарды алып тастау, жапырақтарды жинау.</p>	
--	--	--	---	--	--

		Екі топқан бөлініп үшқан жапырақтарды шелек жинау.			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орДамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту(сөйлеуді дамыту) (біртұтас тәрбие) Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру (Математика негіздері)</p>	<p>Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып, қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру. (Математика негіздері) Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау. (Құрастыру)</p>	<p>Күз бейнесін күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасап көрсетуді қалыптастыру. (жаспыру) (экологиялық тәрбие) Геометриялық пішіндерді тану және атау жапырақтарға қою арқылы анықтауын дамыту. (Математика негіздері)</p>	<p>Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы мультфильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау. (сөйлеуді дамыту) экологиялық тәрбие Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын қандай пішіндерден құрады айтып беруді менгерту (математика негіздері)</p>	<p>Ағаштарды қандай геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету. (математика негіздері) (экологиялық тәрбие) Еркін ойын. Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Серғазы мен Жасминге тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуға машықтандыру.</p>	<p>Аяла мен Асылайға бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету.</p>	<p>Амир мен Жанайға өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру.</p>	<p>Көркем мен Алимаға тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуға үйрету.</p>	<p>Айзере мен Айтөреге тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына деген қызығушылығын арттыру.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Қимылды ойын: «Дөңгелекті лақтыру» Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты</p>	<p>Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты: Қимыл қозғалыс</p>	<p>Қимылды ойын: «Қойлар мен қойшы» Мақсаты: Балаларда бірлік,</p>	<p>Қимылды ойын: «Ұшатын құстар» Мақсаты: Балаларды табиғат</p>	<p>Қимылды ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген</p>

	көздеуге үйрету. (дене шынықтыру)	қабылеттері, тілдерін дамыту. (дене шынықтыру)	татулық, ептілік дағдылары қалыптастыру. (дене шынықтыру)	құбылыстарын салыстыруға, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдауға үйрету. (дене шынықтыру)	белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Сәтті демалыс ұйымдастыру.

Қазан айы 2024 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.10.2024ж	Сейсенбі 08.10.2024ж	Сәрсенбі 09.10.2024ж	Бейсенбі 10.10.2024ж	Жұма 11.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Күй әуенін қосу. Күй күмбірі	Достарым әнімен қарсы алу Күй әуенін қосу. Күй күмбірі	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Күй әуенін қосу. Күй күмбірі	Үш түрлі смайликпен қарсы алу Күй әуенін қосу. Күй күмбірі	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу Күй әуенін қосу. Күй күмбірі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. бағдаршамның белгілеріне үйретуді жалғастыру, Біртұтас тәрбие</p>	<p>«Мен Отаныммен мақтанамын!» ертеңгілігіне дайындық жасау, тақпақ, ән. Біртұтас тәрбие</p>	<p>Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру. Экологиялық тәрбие</p>	<p>«Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру Экологиялық тәрбие</p>	<p>көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру музыка</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындату</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Математика негіздері</p>	<p>Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды</p>	<p>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу Құрастыру</p>	<p>Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диканның еңбегі туралы білімді</p>

		пысықтау. Кұрастыру			қалыптастыру. Нанға және азық- түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру аяқтың сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүргізу; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына сапқа тұру.	Муызка марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету	Дене шынықтыру Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау	Музыка Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап ағаш қасықтарды қолдану, қарапайым әуендерді орындауын ұйымдастыру Қазақ тілі Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	Дене шынықтыру Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

	<p>Балалардан үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы не білетіндерін сұрау, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>«Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев</p> <p>Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p>Мақсаты: Сызықтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі</p> <p>Сурет салу</p> <p>Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады.</p> <p>Құрастыру</p>	<p>Машина» өлеңі Ә. Табылдиевтың</p> <p>Мақсаты: Қысқа өлеңді саналы эмоционалды түрде жатқа айтады. Көркем әдебиет</p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p>Мақсаты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан, оңға қарай орналастырады.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>«Бағдаршам»</p> <p>Мақсаты: Желімді қылқаламға жағып</p>	<p>Ойын: «Айсұлу адасып кетті»</p> <p>(тілдің дыбысталу мәдениеті)</p> <p>Мақсаты: Тілдік қарым - қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Қала жолдары» ойыны</p> <p>Мақсаты: Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді. Сурет салу</p> <p>«Ауладағы қауіпсіздік»</p> <p>Мақсаты: Табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен таныстыру Қоршаған ортамен таныстыру, қауіпсізді</p>	<p>Әр көліктерді түстеріне қарай жинақтап орналастыру</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Жол белгілерімен, жол қиылысындағы жолдар туралы әңгімелесу</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Бағдаршам көздерін ретімен орналастыру ойыны, Сөйлеуді дамыту</p> <p>Ұзын және қысқа жолдарды ажырату</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Иә немесе жоқ ойыны (Балалар жауап береді)</p> <p>А) Балалар көлік жүретін жолда доп ойнай ала ма?</p> <p>Ә) Қызыл шам жолдан өтуге мүмкіндік бере ме?</p> <p>С) Жолды зебрамен кесіп өте аламыз ба?</p>	<p>Сұрақтар ілмегі</p> <p>Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?</p> <p>- Жиек жолмен жүреміз.</p> <p>- Жиек жол болмағанда ше?</p> <p>- Жер асты жолымен.</p> <p>- Жолдың қай жағымен жүру керек?</p> <p>Оң қол жақпен жүреміз.</p> <p>- Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?</p> <p>- Аялдамадан отырамыз. Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Ойын: «Белгілерді жинап, ата» (паздар, балалар жол</p>
--	--	---	---	--	--

		пішіндерді жабыстырады Жапсыру, біртұтас тәрбие	к әрекеті	D) Жолдан қара мысық жүгіріп өтсе, оның артынан тас лақтыра аласың ба? д) Жолды кесіп өткенде жан-жағына қарау керек пе? Е) Біз көліктермен велосипедпен жүреміз бе? Көркем әдебиет	белгілерінің қиылған кескіндерін бүктеп, атайды Құрастыру
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз	Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушын	Күзгі желді бақылау Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың	Күзгі желді бақылау Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету Көркем сөз: - Бұлт-ау көктен төнесің, Қайдан көшіп келесің, - Мухит үрлесе, желемін! Жел үрлесе желемін! Қимыл – қозғалыс	Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру . Бақылау Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер

	<p>Тазалықшы ағайды Қараңдаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?</p>	<p>ың құралымен танып, білу. Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ» Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді. Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау.</p>	<p>желден сыбдырлағаның тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен.</p>	<p>ойын «Ұшақтар». Мақсаты : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру. Алаңдағы еңбек . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау.</p>	<p>жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</p>				
<p>Түскі ас</p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-</p>				

	гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (Біртұтас тәрбие)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Геометриялық пішіндерді таниды және атайды. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Математика негіздері Қауіпсіздік ережелері туралы видеоролик көрсету Қауіпсіздік әрекеті	«Көлік байланыс құралдары» Мақсаты: Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады. Қоршаған ортамен таныстыру	Жеңіл көліктердің бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу.	«Жолдағы жағдайлар» ойыны (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап береді). Сөйлеуді дамыту Қауіпсіздік әрекеті	Ойын: «Фигуралық көлік жүргізу» (Балалар скутерде кегльді құлатпай айналып өтуі керек) Дене шынықтыру

		Қауіпсіздік әрекеті			
Балалармен жеке жұмыс	Азамат пен Айтөреге денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдауға, жаттығулардың орындалу ретін сақтауға үйрету.	Аруна мен Алиге спорттық ойындар мен жаттығулардың бастапқы техникасын игерту.	Көзайымға педагогтың көрсетуімен ертеңгілік жаттығудың кешендерін қайталап орындап үйрету	Нұрасыл мен Амирге денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдауға, жаттығулардың орындалу ретін сақтауға үйрету	Інжуге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін(сөйлеу қарқынын, интонациясын) сақтауға үйрету
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын: «Дөңгелекті лақтыру» Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздеуге үйрету. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттері, тілдерін дамыту. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Қойлар мен қойшы» Мақсаты:Балаларда бірлік, татулық, ептілік дағдылары қалыптастыру. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Ұшатын құстар» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыруға, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдауға үйрету. (дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Балалардың үйге қайтуы	Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну	Табиғи материалдарды жинауға көмектесу.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Құстарға үйшік жасауды ұсыну	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.
-------------------------------	---	---	----------------------------------	------------------------------	---

Қазан айы 2024 жыл 3 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.10.2024ж	Сейсенбі 15.10.2024ж	Сәрсенбі 16.10.2024ж	Бейсенбі 17.10.2024ж	Жұма 18.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Бір-бірімізге қол беріп Айтамыз жақсы сөз жөн көріп Қалмаймыз тек іркіле Сыйлаймыз жыл күлкі	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойындар ойнату, біртұтас тәрбие</p>	<p>Жедел қызмет телефондарын жаттауға үйрету, қауіпсіздік әрекеті</p>	<p>Көңілді музыкаға ырғақты би қимылдарын жасап, көңіл көтеру. Өздері ұнататын әндерді айтқызу. Музыка</p>	<p>Саусақпен ойнаймыз: «Қоян інде» Ақ қоян-ау, ақ қоян, Үркек қоян, сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың. Коммуникативтік дағдылар</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар» жайлы видеоролик көрсету, түсіндіру Қауіпсіздік әрекеті</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындату</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.</p>	<p>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.</p>	<p>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығы), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтауды үйрету</p>	<p>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p>	<p>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауды, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру Қолды алға, екі жаққа,</p>	<p>Музыка музыканың</p>	<p>Дене шынықтыру Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз</p>	<p>Музыка Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді</p>	<p>Дене шынықтыру Екі қол белде, екі</p>

<p>ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.</p>	<p>кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды меңгерту</p>	<p>айналасында домалату.</p>	<p>созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-сипаттарынан (4–5 рет) бірінші октава шегінде).</p> <p>Қазақ тілі Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>қолды алдыңғы жақпен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бұғу.</p>
<p>Видео материал көру Орман дегеніміз не? «орманда кімдер мекендейді?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>салынған жануарларды түстерін дұрыс тандап бояу. (Сурет салу)</p> <p>Құрылыс заттарынан</p>	<p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; Орманда қандай құстар мекендейді? Кітаптар арқылы тану, атау. Олардың ерекеше</p>	<p>Балаларға жапырақтар салынған себетті көрсету. Бұл жапырақтар орман ағаштарынан түскен жапырақтар. Мен сендер үшін жинап алып келдім. Мына суреттерге қарандар. Бұл суретте шырша, қайың, үйеңкі ағаштары бейнеленген. Жапырақтарына назар аударып, сәйкесінше қойыңдар. Атауларын</p>	<p>Саңырауқұлақпен жидектер атауларын атауда дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. Тақпақ жаттау Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп - теріп аламыз, Қалтамызға саламыз.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Жидектердің суретін</p>	<p>Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Жануарлар, ағаштар, құстар және саңырауқұлақ пен жидектер суреттері арқылы жеке жұмыстар.</p> <p>(математика негіздері)</p>	

	жануарларға үйшік құрастыру (Құрастыру)	белгілерін есте сақтау. Тақпақ жаттау. Тоқылдақтар тоқылдап Ешбір тыным көрмейді Ағашты қанша тессе де, Жұмысы бір өнбейді. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	атап, қандай белгілері бар әңгімелейік. Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. Тақпақ жаттау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Сергіту сәті «Ұзан құлақ сұр қоян.»	таңдауы бойынша салу (Сурет салу)	дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс (Сурет салу)
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Күзгі жәндіктерді бақылау Мақсаты: күздегі жәндіктеңдің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру. Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда	Жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау Мақсаты: Күн суыған кезде, күздегі құстардың өмір сүру өзгерістері, жылы жаққа кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	Ағаштар мен бұталарға бақылау Мақсаты: Алаңдағы бұтақтармен ағаштарға бақылау жасау. Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақтары түсіп жатқанына, алуан түске енуне назар аудару. Болжам: күзде жапырақтар ерте түссе, қыстың суық болады,	Алаңдағы өсімдіктерге бақылау Мақсаты: күз мезгілінің екінші ерекшеліктері - алтын күзбен таныстыру; табиғатқа деген қызығушылықтарын арттырып, аялай білуге, тәрбиелеу. Тәрбиеші өсімдік жамылғыға назар аударады: ол неден тұрады, таныс өсімдіктерді атауды ұсынады (қарағаш, сирень, қайын, шырша т.б.); түрлері (ағаш, бұта	Күзгі желді бақылау Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың желден

